

# ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ



# Казалы



Кызылорда облысының батысында орналасқан  
әкімшілік бөлініс. 1928 жылы құрылған.

Орталығы: Эйтеке би кенті

Жерінің аумағы: 37,4 мың<sup>2</sup>

Тұрғыны: 75.9 мың адам(2015)

ӨҢІРДЕГІ ТАРИХИ-  
МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШ-  
ЖӘДІГЕРЛЕР ЖАЙЛЫ  
ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

# Сырлыбай хан мазары

— XVIII-XIX ғасырлар мұнарасы.

Оркендеу ауылынан 10 шақырым жерде .

1980 жылы «Казпроектреставрация»  
институты құжаттарын жасаған. Қорғау  
аймағы белгіленген уақыты – 07.02.91

Сырлыбай Шабакұлы шамамен 1818  
туылдып, 1896 жылы дүниеден өткен. Сыр  
бойы мен Хиуа, Коқанға белгілі биәділдігі  
мен қайраттылығы арқасында үлкен беделге

ие болған. 1997 жылы Бегалы

Айтмембетовтің ұйымдастыруымен қайта  
реставрация жұмыстары жүргізілді.



# Базар қожа кесенесі



- XIXғ. аяғы мен XXғ. басынан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазалы ауданы Бекарыстан би ауылынан солтүстікке қарай 6 км жерде. 1981 жылы тарихи және мәдени ескерткіштердің қорғау қоғамының экспедициясы (жетекшісі Ә. Оспанов) зерттеген.
- Базар Қожа кесенесі шикі кірпіштен тұрғызылған, жатаған күмбезі дөңгелек тұғырдан шығарылған. Алдыңғы беті ішке қарай біртіндеп кішірейе беретін үш аркалы порталмен бедерленген. Портал еki жағынан негізгі бөлікпен біріктіріліп саздан құйылған тұтас мұнаралармен көмкерілген. Күмбез астындағы төменгі бөліктің шалқақ қабырғасы шығынқы белдеумен өрнектелген және күмбезге дейін сыланған. Кесененің композициясы, əсіресе, алды ерекше әдемі. Базар қожаның өзі сол өңірдегі ислам дінін уағыздаушылардың белгілі өкілдерінің бірі, көріпкелдігімен ел арасында қадірлі болған адам.

# Базар қожа кесенесі



# Мұрәлім мешіті



Республикалық санаттағы архитектуралық ескерткіш. Бұл мешітті 1915 жылы Сарт саудагері Мұрәлім Меркемалов қыш кірпіштен салдырады. 1937 ж дейін мешіт болып жұмыс істейді, кейін спорт мектебі, емхана, дәріхана болады. 1990ж. жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 1991ж. қайта мешіт болып ашылады. Аталған архитектуралық ескерткіш Қазалы қаласының ескі бөлігінде М.Жанұзақов көшесінде орналасқан.




# Кожаназар ишан меніті

---




□ Әйтке би кентінде орналасқан архитектуралық ескерткіштердің бірі.  
Құрылышы 1898 ж .  
басталып, 1902 ж. пайдалануға берілген. Кожаназар ишан –  
Орак батырдың немересі.  
Кожаназар ишан Бұхарадағы  
Көкілташ медресесінде 7 жыл  
оқып, шатырхат алып қайтады.  
Қазалы уезінде бірнеше мешіт  
салдырған.

# Әйтеке би ескерткіші



Әйтеке би кентінде орналасқан монументті ескерткіштердің бірі.  
Ескерткіш жобасының суретші-мұсіншісі Қ.Зәкіров жасап,  
шымкенттік мұсінші Қуаныш Мәліков құйып, дайындаған.




Жанқожа Нұрмұхамедұлы



## Жанқожа батыр


Қызылорда облысы, Қазалы ауданының орталығы - Әйтеке би кентінде 1992 жылы ата мекен – туған топырақты сыртқы жаулардан қорғау, халқының тыныштығы үшін, басын бәйгеге тігіп, кеудесін оққа төсеген халық батыры, Жанқожа батырға арналған кесене бой көтерген. Алып тұлғалы батырға 240 жыл толды.

□ Жанқожа Нұрмұхаммедұлы 1774 жылы қазіргі Қызылорда облысы Қазалы ауданында Арықбалақ ауданында дүниеге келіп, 1860 жылы өмірден озған. Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандарының езгісіне және Ресей отаршылығына қарсы ұлт – азаттық көтерілісінің басшысы. Жанқожа 17 жасында Кіші жүз құрамында Әлімұлы тайпасының жергілікті рулары сайлап алған Қылышбай ханның Хиуа бекісіне жасаған жорығы кезінде жасаққа елеусіз еріп барып, ешкімге дес бермей тұрған қарақалпақ батыры Тықыны жекпе – жекте өлтіреді. 1836 жылы Ақирек деген жерде елге тізесі батқан осы Аймұхамад палуанды Жанқожа жекпе – жекте өлтіреді. Жанқожа бұдан кейін де Сыр бойындағы қазақтарды хиуалықтардың езгісінен құтқару үшін күресе береді. Деректерге сүйенер болсақ, Жанқожа батырдың сарбаздары 1857 жылы 5000-ға жеткен деседі. Фитингофт бастаған жазалаушы отряд бірнешерет жорыққа шығып, қазақтады адам наңғысыз жауыздық жасаған деседі. Көтерілістен жеңіліс тапқаннан кейін Жанқожа сатқындық жасаған ру басыларына, ел – ағаларына ренжіп, Бұхар хандығы жеріндегі Ерлер тауына жалғыз кетіп қалады. Е кі жылдан соң қайта оралады, Қызылқұмда жалғыз отқан жерінде Елекей Қасымов бастаған қазақ отряды келіп өлтіріп кетеді.



## Ғанибай мешіті (Қазалы қалалық кітапханасы)

Қазалы қаласындағы республикалық санаттағы архитектуралық ескерткіштердің бірі. Есепке алу үшін «Казпроектреставрация» институты 1980 жылы есепке алғып, құжаттарын дайындаған. Бұл мешіттең құрылышын Қазаннан келген көпес Ганибай өз қаржысымен 1887 жылы басталды. Кейін құрылым тоқтап қалып, халықтың күшімен 1894 жылы ашылды. 1930 жылға дейін мешіт болып жұмыс жасады. 1949 жылы Қазалы қалалық кітапхана осында көшіріліп, бүгінгі күнге дейін жұмыс істеп келеді. 2000 – 2001 жылы кітапханаға жөндеу жұмыстары жүргізілді.





## Ғанибай үйі (керуен сарайы)

Қазалы қаласындағы орналасқан республикалық санаттағы архитектуралық ескерткіштердің бірі – Ғанибай үйі (керуен сарайы). Есепке алу үшін «Казпроектреставрация» институты 1980 жылды есепке алып, құжаттарын дайындаған. 1853 жылды іргетасы қаланған. 1867 жылды Түркістан генерал губернаторлығына қарасты Сырдария облысының Қазалы қаласы болып атауды өзгертіліп, уезд орталығы болды. Уездге Арал, Қазалы, Қармақшы аймағы бағындырылды. Шығыс Азия мен Орта Азиядан келетін сауда керуендері Қазалы қаласы арқылы Европаға өткен осындай саудаға ыңғайлы жерде орналасқан Қазалы қаласына татарлар, сарттар, өзбектер, орал қазақтары келе бастады. Казаннан келген көрес Ғанибай Хусаинов керуен сарайын салдырады. Көнекөз қариялардың айтуына қарағанда Ғанибай шетелдермен де сауда жасаған. Ғанибайдың үйіне 1937 жылды Ақтөбе облысының Мартөк ауданынан көшіріліп әкелінген ауылшаруашылығы техникумы орналастырылады. Техникум 1971 жылға дейін жұмыс жасайды. 1971 жылды Сырдарияға көшіріледі.





## Орақ батыр ескерткіші – мұнарасы

XIII – XIYғ.ғ. салынған. Қожабақы ауылына 6 шақырым жерде орналасқан архитектуралық ескерткіш. Есепке алу үшін Казпроектуралық институты 1984 жылы есепке алып, құжаттар дайындаған.

Орақ – батыр болған адам. Ол кісі далада намаз оқып отырған кезде жау келіп қалса да намазын бұзбаған. Жау намаз оқып отырған Орақтың басын шауып жібереді. Жау кеткен соң басты денесімен бірге көмеді. Орақ батыр біrnеше жерде мешіт салдырған. Халыққа сыйлы кісі болған.



## Ақтан батыр кесенесі

Ақтан батыр ауылында орналасқан архитектуралық ескерткіш. Есепке алу үшін аудандағы тарихи – мәдени мұраларды қорғау, насиҳаттау және қалпына келтіруді ұйымдастыру комиссиясы 2003 жылы бастауыш құжаттарын дайындайды Халқымыздың тәуелсіздігі жолында елін жаудан қорғаған жолбарыс жүрек батырлардың бірі – Ақтан Ақайұлы. Ақтан батыр 1770 жылы Қазалы ауданының Арықбалық ауылына қарасты «Тілес арық» бойындағы «Тұлкі қашан» деген жерде туып. 1854 жылы жасанды қайтыс болған. Бейіті Ақтөбе облысындағы Мұғалжар тауының баурайында «Тебенсай» алқабында. Бұл жерде жергілікті халық «Ақтан жайлау» деп атайды. Ақтанның інісі «Ақтанның аң жолы», «Ақтанның қыстауы» дейтін жерлерде бар. Біз бұдан Ақтан батырға деген халықтың қадір – құрметі мен сүйіспеншілігін аңғарамыз. Жергілікті халықтың бабамыздың әулие санап, пір тұтып, әруағын сиынуы да сондықтан болса керек.

Тағы бір деректерде Жанқожа батырдың досы болған. Жанқожа әр жорыққа шыққан сайын ойласып ақылдасатын болған. Ақтан Жанқожадан бұрын туып, дүниеден алты жыл бұрын өткен. Халқын қорғау үшін бірі Сырда қалса, бірі Қырда жүрген деседі.





## Сараман Қоса мұнарасы

Кәүкей ауылынан солтүстік шығысқа 2 шақырым жерде орналасқан республикалық санаттағы архитектуралық ескерткіш. Казпроектреставрация институты 1986 жылы есепке алып, құжаттарын дайындаған.




## Жанкент шаһары

Жанкент қорғаны – республикалық сипаттағы археологиялық ескерткіш. Қазалы ауданы территориясындағы Өркендеу аудандық округінің орталығына іргелес жатқан биік төбе сияқты топырақ басқан қорғанның орнында VII – XIV ғасырларда Жанкент өмір сүрген. Түркімен тарихшысы Абұлғазы Баһадүрдің айтуынша, оғыз еліне жүздеген жыл астана болып келген.

Тарих – біздің кешегі өткеніміз. Бүгінгі күн – кешегінің жалғасы. Аңыз бойынша Жанкент билеп тұрған қатыкез Санжар хан Қарабура Әзім әuletінің қаһарына ұшырап, 1153 жылы қарауындағы халқымен бірге опат болады. Сақталған жазба деректерге сүйенсек 1219 жылы күзде Жанкент қаласына моңғолдар шабул жасайды. Халықты қырып, өаланы өртеп жібереді. Отқа оранған Жошы хан қаласың үстімен қаһарлы Жошы хан шауып өтеді.

Қаланың жойылуына не себепші? Бұл жайлы тарихи деректер былайша түсіндіреді. Жанкент Азия мен Еуропаны байланыстырған Ұлы Жібек жолының бойындағы қала болатын. Кейін құрлық арқылы өтетін дүние жүзілік керуен жолдары қысқара бастаған. Сырдария мен Жанадария, Қуандария бойындағы Жент, Жанкент, Күйін қаланы мекендеген халық осындай себеппен және моңғол, жонғар. Қалқам шапқыншылығының кесірінен күйзеліске түскендіктен атамекенін амалсыз тастанап, бірте – бірте осы күнгі өзбек жеріне – Ташкент, Бұхара, Самархан, Хорезм маңына қоныс аударған.



KAPABAH